


4

Ақжарма: жақсы бастамалардың жарасымы



6

«Аламан құрақ» – қолөнерді жаңғыртқан жоба



Сыр бойы

14 қыркүйек, сенбі 2024 жыл



№141-142 (20815-20816)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаевты қабылдады.

Президентке еліміздегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын дамыту мақсатында қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Фани Бейсембаев Президентке өткен жылы 137 мың оқушыға арналған 154 жаңа мектеп ашылғанын баяндады. Бұл 29 үш ауысымды, 12 апатты мектептің мәселесін шешкен. Жаңа оқу жылында 365 мың оқушыға есептелген 221 білім ошағын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Мектептерді пәндік кабинеттермен жабдықтау көрсеткіші 2 есе артып, интернеттің сапасы жақсарған.

Оқу-ағарту министрі тәрбие жұмыстары басым бағыттардың бірі болып қала беретінін айтты. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» жалпыұлттық құндылықтарына негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды.

Мемлекет басшысына орта білім сапасын арттыру туралы айтылды. Мектеп оқулықтары толықтай цифрлық форматқа көшірілген. Қазақстан атынан халықаралық олимпиадаларға қатысқан әрбір екінші оқушы жүлделі орындарға ие болып жүр. Былтыр ел оқушылары 58 алтын медаль жеңіп алған.

Президентке техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформациялау, инклюзивті және арнайы оқытуды дамыту жөніндегі жобалар таныстырылды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы Оқу-ағарту министріне саланы одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

ALATAU CITY ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Asia Infrastructure Solutions Singapore компаниясының төрағасы Вонг Хэн Файнды қабылдады.

Кездесуде Alatau City жобасын жүзеге асыру перспективасы талқыланды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Вонг Хэн Файн шетелдің инвестициясын, технологиясын және білім әлеуетін тарта отырып, Alatau қаласын тиімді дамыту жөнінде егжей-тегжейлі пікір алмасты.

Президент сингапурлық Surbana Jurong компаниясымен бірлесе дайындалған Alatau қаласының Бас жоспары биыл мамыр айында қабылданғанын айтты.

Мемлекет басшысы осы тектес жобаларды жүзеге асыруда Вонг Хэн Файнның мол тәжірибесі бар екенін атап өтті. Сондықтан оның бас консультант ретінде берген ұсынымдары халықаралық бизнес-хабқа айналуы көздейтін жаңа қаланы жобалау және салу ісінде нақты нәтижеге ұласатынына сенім білдірді.

Көшпенділер ойыны: ҚАЗАҚСТАН КӨШ БАСЫНДА



Алты күн Астананы дүбірге бөлеген Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жабылу салтанаты өтті. 8 қыркүйекте басталған ұлы дала додасында ұлттық спорттың 21 түрінен жарыс ұйымдастырылып, 89 елден 2,5 мыңнан астам спортшы бақ сынады. Барлығы 97 жиынтық немесе 581 медаль ойнатылды.

«Біз V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын аяқтап, дүбірлі дода шы-

мылдыңын жабамыз. Қазақстан түркі әлеміне ғана емес, бүкіл әлемге туыстас халықтардың бауырмалдығын, ынтымақтастығын паш ете білді. Спорттық іс-шара арқылы түркітілдес елдердің бай мәдениеті, салт-дәстүрі айрықша дәріптелді. Қазақстанға, Президентке және Министрге осы ойындарды қолдап, ұйымдастырғаны үшін алғыс айтқым келеді. Келесі тізгін Қырғызстанда, оларға сәттілік тілеймін» деген Дүниежүзілік этносспорт конфедерациясының президенті Билал Ердоғанның сөзін zakon.kz келтірді.

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов өз кезегінде Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының казак жерінде өткенін мақтан тұтатынын айтты.

«Бұл – ұлттық спорт түрлерін ынталандыру ғана емес, сонымен қатар туризмді дамыту мақсаттарына қызмет ететін елімізді насихаттаушы тамаша мүмкіндік» деді министр.

Сонымен, жалпыкомандалық есепте 44 алтын, 33 күміс, 37 қола медальмен Қазақстан құрамасы бірінші орынға шықты. Әсіресе, кеше, яғни



көшпенділер ойындарының соңғы жарыс күні біз үшін олжалы болды. Ел қоржынына 12 алтын, 9 күміс, 10 қола жүлде сыйлаған отандастарымыз шешуші сында дара көрінді.

Қырғызстан құрамасы Көшпенділер ойынын 18 алтын, 21 күміс, 25 (64) қола медальмен қорытындылап, жалпы есепте екінші орынға ие болды.

Ал үздік үштікті Өзбекстан құрамасы қанжығасына байлады. Олардың еншісінде 11 алтын, 12 күміс, 11 (34) қола медаль бар.

Төртінші орынға 11 алтын, 10 күміс, 25 қола медаль жеңіп алған Ресей құрамасы нелік етсе, бестікті 2 алтын, 2 күміс, 2 қола медальмен Түркия құрамасы түйіндеді.

Жалпы, 89 елдің 33-і медальға қол жеткізді. Оның ішінде 18 мемлекет алтын жүлде жеңіп алса, 16 мемлекеттің қоржынында күміс, 28 мемлекеттің еншісінде қола медаль бар.

Айта кетейік, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында Қызылорда облысы өнерпаздарының «Сұлу Сырдан сазды сөлем!» атты этно концерті өтті.

Концерт Дәулеткерейдің «Көр-үлгі» күйіне қойылған «Қазыналы қазағым» прологымен ашылды. Әрі

қарай іс-шара «Қорқыт сазы» қобызшылар, «Ақмешіт» фольклорлық ансамбльдерінің сүйемелдеуімен, «Томирис» би ансамблінің биімен, Марат Сүгірбайдың жырымен, Руслан Ахметовтің төгілтіп айтқан термесімен жалғасты.

Қорқыттың «Сарын» және Мұрат Сыдықовтың «Мұраттың төкпесі» күйлері көрермендердің, әсіресе шетелден келген қонақтардың қошеметіне бөленді. «Тойбастар» көрінісінде Үміт Медеуова, Шолпан Бимбетова, Ақмарал Ноғайбаева, Майра Сәрсенбаева, Бейсенбек Төлеубаев, Әділхан Қуанбаев Сыр сүйлейлерінің шығармаларын орындап, Сырға ғана тән бекзада өнерді тағы бір асқақатты. Ал дәстүрлі әнші Б.Қарғабаев, классикалық ән орындау шеберлері С.Тасбергенова, М.Аманжолов, А.Табынбаев, А.Қойшығара халық әндерін, Абай әндерін, өңір композиторларының туындыларын тарту етті.

Дүйім жұрттың қошеметіне бөленген концерт Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, жерлесіміз Елена Әбдіхалықованың «Сыр елім» атты әнімен түйінделді.

Концертке ҚР Мәдениет саласының үздігі Азиза Іздікұлова режиссерлік етті.

«СБ ақпарат»

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ТҮРІК ИНВЕСТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Акса Energy» компаниясының құрылтайшысы Джемиль Шабан Казанджымен кездесті.

Кездесуде Қызылорда қаласындағы жаңа жылу-электр орталығының құрылысы туралы айтылып, аймақ басшысы ортақ жобаның нәтижелі болуына тілектестік білдірді.

2-бет

ӨНЕГЕСІМЕН ӨРКЕН ЖАЙҒАН ӘУЛЕТ



«Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

Жуырда Астана қаласында, «Қаз-медиа» орталығында ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.Әшімбаев, Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева, Мәжіліс депутаттары, Үкімет мүшелерінің қатысуымен «Мерей-

лі отбасы» ұлттық конкурсының қорытынды іс-шарасы өтті. Конкурс жеңімпаздары қатарында Қызылорда облысынан барған Бектаевтар отбасы лауреат атанып, құрмет төрінен көрінді.

6-бет

/// МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

АЭС САЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Атом электр станциясын салу және оның энергетикасын игеру оңай бола қоймасы анық. Ең алдымен, технологияның тілін білетіндер керек. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр осы салада жұмыс істейтін кәсіби мамандарды даярлау қажет екенін атап өтті. Өйтпесе, бейбіт атомды дамыту қиынға соғады. Уақыт өте келе, көмірден электр қуатын өндіруге шектеу қойылса, атом электр станциясын салудан басқа амал қалмайды деп отыр. Ел арасындағы пікір қайшылықтарын ескерген Президент былтыр бұл мәселе бойынша жалпыұлттық референдум өткізіліп, халық талқылауына салынатынын айтқан болатын. Биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы референдум уақытын белгілеп берді. Атап айтқанда, 6 қазанда елімізде атом электр станциясын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум өтеді.

– Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр станциясы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтардың жан-жақты ойла-нып, салмақты шешім қабылдауына

жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын. Атом электр станциясын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді, – деп атап өтті Президент.

Таяқтың екі ұшы барын ескерсек, АЭС салудың да қиындығы мен пайдасы қатар. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бүкіл Еуропа атом энергиясының арқасында өмір сүріп отыр. Мысалы, Франция, Чехия мемлекеттері, сондай-ақ, АҚШ, Жапония және басқа елдер АЭС-ті пайдаланады. Мысалы, «Фукусима» апаты жер сілкінісі мен цунамидің әсерінен орын алды. Жапония жер сілкінісі жиі болатын аралдағы ел болса да, атом энергиясынан бас тартып отырған жоқ.

АЭС НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Мамандардың мәліметінше, қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Осы орайда біздің елімізге де сенімді және экологиялық таза қуат көздеріасақажет. Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр станциясы жұмыс істеп тұр.

3-бет

Валюта бағамы \$ 477,13 kzt

€ 525,85 kzt

₸ 5,24 kzt

Ауа райы ☀️ +13° +24°

🌙 +13° +19°

ТӘУЛІГІНЕ 4 МЫҢДАЙ ЖОЛАУШЫ



Суреттері түсірген Б.Бажанов

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевпен бірге жаңғыртылған теміржол вокзалының жұмысымен танысты.

Өткен жылы «ҚТЖ» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 577 млн теңгеге вокзалдың 1905 және 1969 жылдары салынған екі ғимараты жаңғыртылды. Қасбеті қапталып, кіреберістері ауыстырылды және шатыры жөнделді. Сумен, электрмен жабдықтау, жылыту және өрт дабылы жүйелеріне жөндеу жүргізілді. Ішкі бөлмелер әрленіп, есік-терезелер қалпына келтірілді, плитка төселді. Перрон мен жолаушылар платформасына асфальт төселіп, баспадақтар мен пандустар монтажданды. Вокзал маңы және ғимарат іші жарықтандырылды.

Қызылорда вокзалы арқылы 28 пойыз өтеді. Жолаушылар ағыны тәулігіне шамамен 3900 адамды құрайды.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАУАПТЫ МАУСЫМ ЖАҚЫН

ҚР Президентінің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте алдағы жылу маусымына дайындық барысы қаралды. Жауапты министрлер мен бірқатар өңір басшылары атқарылған жұмыстарды баяндады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәжіліске селекторлық режимде қатысты.

Қызылорда облысында жылу беру маусымына дайындық бекітілген іс-шара жоспарына әйкес жүргізілуде. Биыл жылумен қамту нысандарына 12 млрд теңге, оның ішінде жылу-энергия көздерін жаңғыртуға 4 млрд 800 млн теңге қаржы бөлінді. «Қызылорда жылу-электр орталығы» Оңтүстік қазандығының «Бонэ энерджи» маркалы үш бу қазандығы жаңғыртылды. Жергілікті бюджет және кәсіпорын қаржысы есебінен 2 газтурбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандыққа күрделі, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Қазіргі уақытта жұмыстың 95 пайызы орындалды.

Жылу желілерін жаңғыртуға бағытталған 6 жобаны іске асыруға бюджеттен 6 млрд 900 млн теңге бөлінді, 9,5 шақырым жылу желісінің 7,2 шақырымы жүргізілді. Облыстағы 1 067 әлеуметтік нысанға дайындығы 100 пайыз.

Қыс мезгіліне 192,8 мың тонна көмір керек, оның 164,5 мың тоннасы тұрғындардың, 28,3 мың тоннасы әлеуметтік нысандардың қажеттілігі. Облысқа көмір жеткізу жұмыстары қарқын алып, бүгінде 34,8 мың тонна әкелінген. Көмір қоймаларында өткен маусымнан қалғанды есепте алғанда 37 мың тонна қор бар.

Кейінгі тәулікте аймаққа 1,2 мың тонна көмір жеткізілді, алдағы екі күнде қосымша 4,1 мың тонна келеді. Жоспар бойынша қыркүйектің аяғына дейін 44 мың тонна жеткізіледі деп күтілуде. Бағасы маркасына қарай 17 мың мен 23 мың теңгенің аралығында. Қоймалардағы кезекті болдырмау үшін тұрғындар көмірді осы бастан сатып алғаны дұрыс. Бұл тұрғыда арнайы медиа-жоспар аясында үгіт-насихат кеңінен жүргізілуде.

Жиында «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы санитарлық тазалық, абаттандыру жұмыстарының барысы, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасаудағы бастамалар мен атқарылған істер, сондай-ақ, су тасқынынан зардап шеккен аймақтарды қалпына келтірудегі кейбір мәселелер талқыланды.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің жаңа басшысы таныстырылды. Отырысқа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Мақсат Жебегенов арнайы қатысты.

ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бұйрығымен агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы болып Ахметқалиев Қуаныш Жұмағалиұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңыздылығын атап өтіп, департаменттің жаңа басшысының жұмысына сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес екенін атап өтті. Президентіміздің тапсырмасымен, агенттіктің бастамасымен «Адалдық алаңы», «Антикор орталығы», «Адал білім» секілді жобалар қолға алынып, қылмыстың алдын алуға, тұрғындардың құқықтық сауатын ашуда оң нәтиже көрсетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіп, жемқорлық тәуекелдерін талдап, оған қарсы мәдениет қалыптастыруда, түрлі саладағы құқықбұзушылықты анықтауда құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен бірлескен жұмыс атқару керек, – деді облыс әкімі.

Әріптестер атынан облыстық соттың төрағасы Әділқады Шығамбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық полиция департаментінің басшысы Махсұдхан Аблазимов Қуаныш Ахметқалиевке игі тілектерін жеткізді.

Қуаныш Жұмағалиұлы 1982 жылы Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақ



гуманитарлық заң университетінен «Құқықтану», Қазақстан-Америка еркін университетінен «Қаржыгер» мамандықтарын алған. «Құқықтану» магистрі.

Еңбек жолын 2005 жылы қаржы полициясы анықтау бөлімінің бас инспекторы болып бастаған. 2005-2018 жылдары Астана қаласының қаржы полициясында және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай облыстық департаменттерінде жауапты қызметтер атқарған. 2018-2019 жылдары Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер және Қаржы мониторингі комитеттерінде еңбек еткен. 2019-2022 жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі орталық аппаратында басшылық лауазымдарда болған. 2022-2023 жылдары агенттіктің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, 2023 жылдың мамыр айынан бүгінге дейін агенттіктің орталық аппаратының анықтау және алдын алу қызметі басшысының орынбасары лауазымдарын атқарған.

ТҮРІК ИНВЕСТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

– Біздің өңіріміз үшін аса маңызды жобалардың біріне инвестиция салып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіремін. Қазіргі уақытта еліміздің өндүстігінде электр қуатының тапшылығы бар екені жасырын емес. Жаңа жылу-электр орталығы ел экономикасының дамуына, өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандардың іске қосылуына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Бұл жобаның өндүстік өңірлердегі электр энергиясы жүктемесін тұрақтандыруда және тұтастай алғанда елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуда маңызы зор.

Оны жүзеге асыру барысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ерекше бақылауында. Президентіміздің қолдауымен аталған

1-бет

жоба «жасыл дәліз» қағидаты шеңберіндегі жобалар тізіміне енгізіліп, салықтық және өзге де жеңілдіктер ұсынылды. Бүгінде нысан құрылысының қарқыны жоғары.

Жыл басынан бері өңірге барлық көздерден 349,3 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның 75 пайызы – жеке инвестициялар. Жыл соңына дейін жарты триллионнан астам инвестиция тарту жоспарымыз бар. Жаңа жылу-электр орталығы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба. Әкімдік тарапынан оған барлық қолдау көрсетілетін болады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде, «Aksa Energy» компаниясының басшысы ауқымды жобаны іске асыруға мүдделі, әрі қарай тиімді әріптестік орнатуға ынталы екенін айтты.

МОНИТОРИНГТІК ТОП ТЕКСЕРУДІ БАСТАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық және спорттық үйірмелерін жан басына қаржыландыру бағдарламасы аясында мемлекеттік тапсырысты орындау мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы мемлекет қаражатын тиімді жұмсауды ескертіп, облыстық деңгейде арнайы мониторингтік топ құрылғанын атап өтті.

– 2021-2024 жылдары балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық және спорттық үйірмелерін жан басына қаржыландыру бағдарламасына облыстық бюджеттен

19,2 млрд теңге бөлінді. Аталған бағдарламаға 2023 жылы 7,1 млрд теңге жоспарланып, мониторинг жүргізілген соң 3,8 млрд теңгесі бюджетке қайтарылды.

Бюджет қаражатын талан-таражға салуға жол берілмейді, ол үшін мониторинг ұдайы жүргізілуі тиіс. Осы мақсатта адамның бет-әлпеті арқылы жеке басын анықтайтын биометриялық технологияны, яғни Face ID мобильді қосымшасын жедел орнатуды тапсырғанмын. Алайда әлі күнге дейін нақты нәтиже жоқ! Кәсіп иелерімен келісім толық жасалмады. Бұл мәселе бойынша менің тапсырмаммен облыстық деңгейде арнайы мобильді мониторингтік топ құ-

рылды. Топ жедел әрекет етуі үшін Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері де тиісті сала мамандарын оның құрамына енгізіп, жұмыс ауқымын кеңейтуі керек. Құрамына СЭС, полиция, салық, төтенше жағдай мамандарын, мәслихат депутаттарын, қала және аудандардағы білім, мәдениет, спорт бөлімдерінің басшыларын, қоғам белсенділерін, үкіметтік емес ұйымдарды, бала құқықтары бойынша уәкілді, тағы басқа қызметкерлерді кеңінен тарту қажет. Топ ертең толық жасакталып, жұмысқа кіріссін, – деді облыс әкімі.

Мониторингтік топ сабақ өткізетін ғимаратта ыстық және суық су, дәретхана, кәріз жүйесі болуын,

санитариялық талаптардың сақталуын, балалардың жеке гигиена құралдарымен қамтылуын қадағалайды. Топтағы бала санының рұқсат етілген шегінен кем болмауын, жеке шақфатрмен жабдықтауын, бейнебақылау кемінде 30 күн сақталатын бейнебақылау камерасымен, өрт қауіпсіздігі жүйесімен қамтамасыз етілуін тексеретін болады. Барлық мониторингтік жұмыс осы айдың соңында аяқталуы тиіс.

Мониторингтік топ жұмысын бақылау облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Баймановқа тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ӨТІНІШТЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға келген 9 тұрғынның көтерген мәселесі әралуан. Олар тұрғын үй алу, жұмысқа орналасу және емге қаржылай көмек көрсету туралы өтініштерін айтты.

Жалпы аймақ басшысының жеке қабылдауына жазылған азаматтардың қойған сауалдары, айтқан ұсыныс-пікірлері жан-жақты сарапталады. Бүгінгі көтерілген мәселелерді де мамандар жіті зерттеп, шешімін заң талаптарын негізге алып қарастырады. Келушілерге сауалының жауабын сол жерде беру, шешу жолдарын түсіндіру де жолға қойылған.

Мәселен, зейнеткер ана бұрынғы үйі апатты жағдайда болғандықтан, несие алып жаңа баспана салғанын айтты. Жылу маусымы жақын қалды, бірақ үйіне газ кіргізілмеген. Осы түйткілді шешуге көмек сұрай келген тұрғынға аймақ басшысы демеушілер арқылы жәрдем беру мүмкіндігі қарастырылатынын айтты. Сондай-ақ 6 баласы бар II топ мүгедегіне де газ жүргізуге қолдау көрсетілетін болды.

Еске салайық, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бір-ыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

«СОЦИС-А» Кешенді әлеуметтік зерттеулер институты – Астана» жеке қоры 11-12 қыркүйек аралығында халық арасында телефон арқылы сауалнама жүргізді.

Сауалнама ауқымы 1000 респондентті қамтыды.

Анкетаға келесі сұрақтар енгізілді:

1) Сіз АЭС салу бойынша референдумға қатысасыз ба?

2) Қазақстанда АЭС салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?

3) Сіз Қазақстанда АЭС салуға келісесіз бе?

Сауалнама қорытындысы төмендегіні көрсетті:

«Міндетті түрде барамын» (35,6%) және «Мүмкіндігінше баруға тырысамын» (20,2%) нұсқаларын таңдаған респонденттердің үлесі 55,8%. Осылайша, әрбір екінші адам референдумға баруға дайын екендігін көрсетті. Ал оннан бір бөлігінен астамы «референдумға қатыспаймын» деген (12,2%). Алдын ала болжанғандай референдумға қатысу-қатыспау туралы «әлі бір шешімге келмеген» респонденттердің үлесі жоғары болды (16,6%). 13,6%-ы «бұл жаңалықты бірінші рет естіп отыр». Респонденттердің аз бөлігі (1,8%) бұл сұраққа «жауап беруге киналамын» деп көрсеткен.

«Қазақстанда атом электр станциясын салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?» деген сұраққа пікірлер эмоционалды ұстанымнан бастап толығымен прагматикалық дәлелдерге дейін құбылады. Мәселен, «азаматтардың денсаулығына әсер етуі ықтимал» және «экологияға әсер етуі ықтимал» деген эмоционалды пікірлері бар жауаптарды таңдау тиісінше 59,5% және 54,1% құрады. Бұл, ең алдымен, желіде АЭС салу ықтималдығы туралы алғашқы ақпарат пайда болған сәттен мұндай жобалардың қауіп туралы әртүрлі пайымдар тарала бастағанына байланысты болуы мүмкін.

Айта кету керек, сауалнамаға қатысқан халық АЭС-те қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты шаралары бойынша прагматикалық ойлар айтқан: «Апаттардың алдын алу жөніндегі қауіпсіздік шаралары» (43,1%); «Радиоактивті қалдықтарды басқару» (24,9%); «Кадрлық әлеует» (16%).

«Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сұраққа келісетіндердің үлесі 60,4% құрады, 30,1%-ы қолдамайды. Әрбір оныншы адам (9,5%) сұраққа жауап беруден бас тартқан.

Зерттеудің жалпы қорытындысына келсек, респонденттердің 55,8%-ы өз азаматтық ұстанымын көрсетуге және АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беруге ниет танытты. АЭС құрылысын қолдаушылардың үлесі – 60,4%.

Жүргізілген социологиялық сауалнама нәтижесінде әрі қарай жария түсіндіруді талап ететін экологиялық және техникалық қауіпсіздік критерийлерінің контуры межеленді. Атап айтқанда, халық денсаулық қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауға, сондай-ақ құрылыстың техникалық жағы және атом станциясының болашақ жұмысшыларының кадрлық құрамының кәсібилік деңгейіне алаңдайды.

PIKIP-PAЙЫМ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған әрбір Жолдауы елдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени дамудың басты бағыттарын айқындап, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, реформаларды жүзеге асыруға және мемлекет дамуының ұзақмерзімді стратегияларын жүзеге асыруға бағытталды. Әрбір Жолдаудан халық қоғам өміріне қатысты жаңа серпіліс күтетіні анық. Мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа Жолдауы – оның Ата Заңда бекітілген конституциялық міндеті ғана емес, ол мемлекеттік саясатты қалыптастырудағы ең маңызды институт болып табылады.



СЕНІМ МЕН СЕРПІННІҢ НЫҚ ҚАДАМЫ

Президент 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» деп аталатын Жолдауында елдің экономикалық тұрақтылығын нығайту, инфрақұрылымды дамыту, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жетілдіру, цифрландыруды ілгерілету, сондай-ақ, саяси жүйені жаңғырту мәселелерін басты назарға алды. Бұл ретте, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, ауыл шаруашылығын дамыту және экологиялық проблемаларды шешу де маңызды орын алады.

Президенттің халықты әлеуметтік қорғауға және әділ сот жүйесін құруға бағытталған реформалары ерекше назар аударды. Сонымен қатар, Қазақстанның сыртқы саяси бағыттары да жаңартылып, аймақтағы және әлемдегі серіктестіктерді нығайту қажеттілігі туралы айтылды.

Жолдау барысында мемлекетіміздің дамуына қатысты өте мықты ұсыныстар және тетіктер айтылып, банк жүйесіне байланысты маңызды мәселелер көтерілді. Ол банктердің экономикаға ықпалын арттыру керектігін атап өтті және осы салаға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынды. Жаңа заң цифрлық активтер айналымы мен банк секторындағы инновацияларды реттеп, оларды қауіпсіздік талаптарына сай енгізуді қарастырады.

«Біріншіден, экономикалық белсенділікті ынталандыру және финтех секторын одан әрі серпініді дамыту бойынша ағымдағы міндеттерге жауап беретін банктер туралы жаңа заңның қажеттілігі. 1995 жылғы «Банктер және банк қызметі туралы» қолданыстағы заң мүлде басқа жағдайда қабылданды. Екіншіден, жаңа Салық кодексі бұрыннан бар жүйені қайта іске қосуға арналған. Ережелерді әртүрлі түсіндіру мүмкіндігін болдырмау үшін кодексті оңайлату және оның ережелерін барлық экономикалық белсенді азаматтарға түсінікті ету өте маңызды».

Сонымен қатар, Президент банк акционерлерінің дивидендтерге сәйкес әділ салық төлеу қажеттігін айтты. Бұл шешім мемлекет тарапынан банктерге көрсетілген көмектің орынды нәтижесі болуы тиіс деп түсіндірді.

Сондай-ақ банктердің экономикалық белсенділік пен финтех саласын дамытуға ықпал ететінін атап өтіп, осы бағытта реформалар жасалатынын айтты.

Осыдан 7-8 жыл бұрын жұмыс сапарымен Сингапур еліне болып, елдің білім беру саласы мекемелерінің жұмыстарымен танысқанбыз. Арасында банк қызметкерлерімен де кездесіп, елдегі банк жүйесінің жұмыстарын да сұрастырғанбыз. Сонда анағаранмыз, Сингапурде банктік несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер несиетүріне байланысты өзгеріп отырады екен. Мысалы, жеке несиелер бойынша ең төменгі пайыздық мөлшерлемелер жылдық шамамен 2,79%-дан басталады, ал, тиімді пайыздық мөлшерлеме (EIR) 3 жыл ішінде шамамен 5,27% құрайды. Бұл тарифтерді DBS, OCBC, UOB және Standard Chartered сияқты банктер ұсынады.

Тұрғын үй несиелеріне келетін болсақ, қаржы компанияларының 15 жылдық ипотекасы бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме нарықтық жағдайларға және несиенің нақты шарттарына байланысты шамамен 3,5%-дан 4%-ға дейін ғана ауытқиды. Дегенмен, белгіленген депозиттер бойынша мөлшерлемелер мен жинақ шоттардағы пайыз-

дар әдетте әлдеқайда төмен, кейбір банктер жылдық 0,05%-дан 0,5%-ға дейін мөлшерде несиет ұсынады.

Қоғамның, халық тұрмысының дамуы үшін кәсіптің жағдайын түзету керек екені жеткілікті айтылып жүр. Ал отандық өнім нарығына жол ашатын кәсіпкерлердің күні банкке байлаулы. Олар банкке қоятын кепілдік пен төлейтін өсімінің көптігінен еткен еңбектің қарымын қайтара алмайды. Дәл осыған қатысты Президент: «Ақша-несиет саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет. Қазір нақты саясат несиет әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық банк бірлесіп, осыған қатысты онтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет».

Сонымен бірге жеке қарыз алушылар жағдайына қатысты да мемлекеттік тұрғыдан мән берілуі халық тұрмысына алаңдаудың алдының шарттарының бірі деп санаймын. «Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несиет бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар қабылданды. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынды» деді Президент.

Президент атқарушы билік шешуге тиіс мәселелерді тоғыз тармақпен көрсетіп, әрбірінде Парламент депутаттарына да тоқталып өтті. Бұл біржағынан проблемаларды шешуде заң шығарушы және атқарушы билік жұмылуы керек дегенді білдірсе, екінші жағынан депутаттарды Үкімет жұмысын қадағалауда белсенді болуға шақырумен байланысты. Жолдауда келелі ұсыныстар айтылып, сол жерде оны іске асыруда ескерілуге тиіс тәуекелдер де көрсетілді. Жалпы құжат мәтнінде экономикалық дамуға басымдық берілгенімен, «дағдарыс» сөзі кездеспеді, ал «инфляция» деген сөз бір-ақ рет «қарқынды баюу» деген контексте айтылды.

Саяси құжатта көптеген бағыттар бойынша атқарылатын міндеттер алға қойылды. Соның ішінде, ең алдымен келесі жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланғанын айтуға болады. Соңғы жылдары қарапайым жұмысшылардың тапшылығы айрықша көрініс беруде. Бұл олқылықтың шешімін табу жолында бүкіл ел болып жастарымыздың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына ықпал етуіміз керек. Бұл мамандықтар жастар тарапынан қызығушылық танытатын деңгейге жетуге тиіс.

Жолдауда әдеттегідей білім саласына көп көңіл аударылған. «Жайлы мектеп» жобасымен заманауи талаптың бәрине жауап беретін білім ошақтарының ашыла бастауы – осы сөзіміздің айғағы. Енді балаларымыз сапалы білім алып қоймай, оны одан әрі дамытуға да мүмкіндік аламақ. Олардан ертеңгі күні елге қажетті білікті мамандар шығатынына сенім мол.

Қорыта айтқанда, Жолдау еліміздің тұрақты даму бағытына жаңа серпін беріп, болашаққа деген сенімді нығайтады.

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Қызылорда облысы бойынша
Кәсіби даму институтының
директоры

АЭС САЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Қазақстан энергетика секторын трансформациялаудың маңызды кезеңінде тұр. Энергетикалық кешенді дамыту бағытын таңдау мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына айтарлықтай әсер етеді. Қазіргі уақытта еліміздің энергетикалық секторы өндірілетін барлық электр энергиясының шамамен 70% қамтамасыз ететін көмір электр станцияларына аса тәуелді. Алайда бұл модель күрделі мәселелерге тап болуда. Біріншіден, жұмыс істеп тұрған станциялардың тозу деңгейі жоғары, яғни, 70%-ға жетеді. Екіншіден, елімізде электр энергиясын тұтыну жыл сайын 3%-ға өсуде. Үшіншіден, Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді қоса алғанда жаһандық экологиялық міндеттемелерді өзіне жүктейді. Сонымен қатар, көмір жобаларын қаржыландыру да экологиялық шектеулерге байланысты күрделене түсуде. Жалпы, Энергетика министрлігінің болжамдары бойынша 2035 жылға қарай елімізде электр энергиясын тұтыну 152,4 млрд кВт/сағ құрайды деп күтілуде. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған электр станциялары небәрі 135 млрд кВт/сағ қамтамасыз ете алады. Бүгінде электр қуатының тапшылығын Ресейден келетін ағындар жауып отыр. Бұл энергетикалық тәуелділік және елдің энергетикалық нарығы қауіпсіздігінің төмендеуіне әкеледі екен. Бұл мәселелерді шешу үшін қазірдің өзінде белгілі қадамдар жасалуда.

2035 жылға қарай 26,5 кВт/сағ жаңа қуатты іске қосу жоспарлануда. Осыған байланысты жаңартылған энергия көздері секторы белсенді дамып келеді. Дегенмен, мамандар жаңартылған энергия көздерін дамытудағы ілгерілеушіліктерге қарамастан, олардың тұрақсыздығына байланысты энергияның негізгі көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейтінін айтады. Құн және жел электр станциялары ауа райы жағдайына тәуелді және тұрақты энергиямен қамтамасыз ете алмайды. Сонымен бірге экологиялық стандарттарды нығайту көмір мен газ өндіруді дамытуға шектеулер тудырады. Осы орайда мамандар атом электр станциясы бұл мәселені бірден-бір шешімі болуы мүмкін екенін алға тартады. Өйткені атом электр станциясы 60 жылдан астам тұрақты электр энергиямен қамтамасыз етуге қабілетті екен. АЭС құрылысы энергетика мен өнеркәсіп өндірісін әртарапандыруға ықпал етеді және энергетика саласына заманауи технологияларды енгізуге әкеледі. Сондай-ақ АЭС жобасы жаңа жұмыс орындарын ашып, станция орналасқан аймақта инфрақұрылымның дамуын ынталандырады және атом энергетикасы ұзақ мерзімді перспективада электр энергиясының тұрақты бағасын қамтамасыз етеді. Осылайша, атом электр станциясының құрылысы Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті қадам ғана емес, сондай-ақ, төмен көміртекті экономикаға жаһандық көшу жағдайында елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторы болып саналады екен.


ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ҚАҒИДА

Ешкім де туған Отанында апат болғанын қаламайды, әрине. Біздің мемлекетіміз үшін де АЭС салу кезінде және оны пайдалануда оның қауіпсіз болуын қамтамасыз ету мәселесі өткір талқылануда. Көпшілік оның құрылысынан бастап, қоршаған ортаға, адам денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатты алаңдаулы. Бұлай болуы заңды да.

ҚР Энергетика министрлігі атом саласының салалық ұйымдарымен бірлесіп, жетекші елдердің атом энергетикасы саласындағы тәжірибесін зерделеу бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Осы жұмыс аясында әлемдік ядролық технологиялар өндірушілерінің АЭС салу мен пайдаланудың озық технологиялары мен тәсілдері зерделенді.

«Атап айтқанда, біздің атом саласының сарапшылары Франциядағы EDF, Қытайдағы CNNC, Оңтүстік Кореядағы KHNP және Ресейдегі «Росатом» басқаратын АЭС-теріне барды. Бұл елдердің АЭС-терін табысты пайдаланудың ұзақ тарихы бар және атом энергетикасының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтаған. Сонымен қатар, біз Түркиядағы «Аккую» атом электр станциясы мен Беларусь атом электр станциясының

1-бет



құрылыс процесімен егжей-тегжейлі таныстық, бұл бізге осындай нысандарды салудың заманауи әдістерін іс жүзінде көруге мүмкіндік берді. АҚШ-та дамып келе жатқан шағын модульдік реакторлардың (SMR) перспективалық жобаларына ерекше назар аударылды. Бұл инновациялық реакторлар икемді, қауіпсіз және шалғай аймақтарда пайдалану мүмкіндігінің арқасында болашақ энергияның маңызды элементі бола алады. Жетекші елдердің тәжірибесін зерделеу Қазақстанға біздің ұлттық мүдделеріміз бен ерекшеліктерімізге сүйене отырып, атом энергетикасын дамыту үшін неғұрлым қауіпсіз және экономикалық тиімді технологияларды таңдауға мүмкіндік береді» делінген Энергетика министрлігі ақпараттында.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, елімізде АЭС салу мәселесі бірнеше жылдан бері талқыланып келеді. Осы уақыт ішінде АЭС-ті орналастыру ауданы мен әлемдегі қолданыстағы реакторлық технологиялар зерттелді. Орналастыру ауданын таңдау бойынша зерттеулер Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА) ұсынымдарына сәйкес, АЭС-тің қоршаған ортаға ықтимал әсерін жан-жақты ескере отырып жүзеге асырылды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері мен еліміздің оңтүстік өңірінде энергия тапшылығы бар екендігін ескере отырып, Алматы облысы Жамбыл ауданының Үлкен ауылы атом электр станциясын орналастыру үшін ең қолайлы аудан ретінде анықталды. Сонымен қатар, «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы мен Ядролық технологиялардың қауіпсіздігі ғылыми-техникалық орталығының сарапшыларын тарта отырып, негізгі әлемдік деңгейде реакторларды жеткізушілердің технологиялары жан-жақты зерделенді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде ең перспективалы нұсқалар іріктеліп, алдын ала төрт жеткізушіден тұратын қысқа тізім жасалды. Олар: қытайлық CNNC компаниясының HPR-1000 реакторы; корейлік KHNP компаниясының APR-1400 APR-1000 реакторлары; ресейлік «Росатом» компаниясының ВВЭР-1200 реакторы; француздық EDF компаниясының EPR-1200 реакторы.

«2023 жылы Қазақстан Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің (АЭХА) екі миссиясын қабылдады. Бірінші миссия Қазақстанның АЭС салу бойынша шешім қабылдауға дайындығын бағалауға бағытталды. Бұл миссия аясында нормативтік-құқықтық базаны дамыту, электр желілік инфрақұрылымды дайындау, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасы және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды дамыту мәселелері қаралды. Екінші миссия АЭХА сарапшыларының Үлкен ауылына сапары арқылы АЭС орналастыру ауданын таңдау бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалауға арналды. Миссия қорытындысы бойынша АЭХА сарапшылары Үлкен аумағында АЭС салуға кедергі келтіретін факторлар анықталмағанын деген тұжырымға келді. Халықпен өткізілген кездесулер мен жүргізілген сауалнамалардың нәтижелеріне сүйене отырып, азаматтардың ақпараттандыру деңгейі жеткілікті және қоғам елдің тұрақты экономикалық өсуі мен энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін энергетикалық инфрақұрылымды дамытудың маңыздылығын түсінгені деген қорытынды жасауға болады» дейді Энергетика министрлігінің мамандары.

Мамандардың айтуынша, атом электр станциялары қоршаған ортаны түгін газдары, құл, мұнай өнімдері бар ағынды сулар сияқты заттармен ластанмайды. Адамдардың көпшілігі күнделікті өмірде әсер ететін радиоактивті сәулеленудің 0,1%-дан азын ядролық энергия құрайды. Адамдар күнделікті өмірде алатын радиациялық дозаның барлық мөлшерінің ішінде атом энергиясынан келетін сәулелену тек 0,1% құрайды. Мысалы, Ұлыбританияның қадағалау органының материалдарында келтірілген есептеулерге сәйкес, британдық қоғамның кез келген мүшесі үшін атом электр станцияларының жылдық сәулелену дозасы шамамен Лондоннан Нью-Йоркке дейін және кері ұшу кезіндегідей болады. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі атом электр станцияларын пайдаланудың көп жылғы тәжірибесі олардың адамға және табиғатқа зиянын тигізбейтінін растайды. Ғалымдар ірі жылу электр станциясы аймағындағы жеке сәулелену дозасы атом электр станциясының жанындағы ұқсас дозадан 5-10

«Жер бетінде 415 ядролық реактор жұмыс істейді. Оның 74 пайызы – қысым астындағы желіл су реакторлары. Бұл реакторлар бірде-бір апаққа ұшырамағандықтан, сенімді энергия көзі саналады. Сол себепті елімізде де АЭС-тің осындай түрін салу көзделген. Көпшіліктің көкейіне құман ұялататыны «Фукусима» және «Чернобыль» орын алған апаттар. Ол – өткен ғасыр мен өткен шақтың сынағы мен сабағы. Одан берілгендер таныбай, талмай талаптанатын, тиімді әрі қауіпсіз тәсілдерін түр-түрімен тапты. Оның ең заманауи үлгісі әлгінде айтылған қысым астындағы желіл су реакторлары. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік қазіргі реакторлардың қауіпсіздік деңгейлерінің адам қасақана апат жасауға әрекет етсе де, қауіпсіздік жүйелері оған жол берілмейтіндей етіп жасалғанына көз жеткізген. Сондықтан да МАГАТЭ АЭС салатын елдерге рұқсат беріп және қатаң қадағалауда. Адам демекші, «Чернобыль» мен «Фукусимада» адам фактордың кесірінен де апат орын алған. Ал қазір адамның орнын автоматика басып жатқанда, заманауи технологиялар ондай қателіктерге бой алдырмайды» деді Қайрат Балабаев.

АЭС-тің энергетикалық тиімділігінен бөлек экономикалық пайдасы да бар дейді экономистер. Олардың айтуынша, жоспар бойынша 2000 адам жұмыспен қамтылады. Оның ішінде 400 адам – ядролық сала мамандары.

«Ең жақсы мысал – Түркиядағы «Аккую» станциясы. Нысан салынғаннан кейін сол аймақтың экономикасы 12 пайызға өсті. Өйткені ол жерге мыңдаған жұмыскер келді, инвестиция құйылды, сөйтіп жергілікті халықтың әл-ауқаты жақсарды» дейді экономист Жәнібек Абдулла.

Қазір геосаяси шиеленістен әлемде экономикалық ахуал шатқаяқтап тұр. Газ тапшылығынан Батыс елдерінің біразы қиын жағдайға тап келіп отыр. Оның ішінде АЭС-і бар Франция ғана «көгілдір отынға» тәріздей отырған жоқ. Себебі Париж газдың жылуына зәру емес.

«Біз атом электр станцияларының игілігін 70 жыл бойы көріп келеміз. Осы жылдар аралығында ешқандай қауіп те, апат та болған емес. Бұл – нағыз қауіпсіз әрі тиімді энергия көзі. Бастысы, барлық технология сақталып, дұрыс пайдалана білсе игі» дейді EDF компаниясының Азиядағы бизнесті дамыту жөніндегі басшысы Пьер-Пол Отенисанс «Jibek Jolu» жаңалықтарында жасалған шолуда.

Ал «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры, елімізге еңбек сіңірген энергетик Жакып Хайрушев АЭС салу уақыт талабы екенін айтады.

«АЭС құрылысына қарсы болсақ, онда энергетика саласында да, ел ауқымында да, осы кенжелегеніміз кенжелеген. Өзімізге көзім жеткені АЭС-тің халық үшін ешқандай қауіп жоқ. Станцияның қоршаған ортаға залалы болмашы. Мұны Алматы мен Курчатовтағы зерттеу реакторлары түріндегі тәжірибеміз көрсетіп отыр» дейді ол.

Жалпы, мамандар пікірі осыған саяды. Алайда елдің көкейінде «АЭС-тің қайтарымы қанша, қай мемлекет салады, оған жұмсалған қаржыны қайтарау қалай болады?» дегендей сауалдар бар. Бұл тарапта сала мамандары, ғалымдар, арнайы штаб өкілдері түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатыр. Өйтсе де, нақты дерек, әбден сарапталған жоспар, ұғынықты ұстаным туралы көптің білгісі келетін мәселелер бар.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



«АҚЖАРМА»: ЖАҚСЫ БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖАРАСЫМЫ

Ауыл – қазақтың күретамыры, руханияттың ошағы, салт-дәстүр мен мәдениеттің қайнар көзі, береке мен бірліктің бастауы. Бұл тақырыпта сөз қозғағанда бала кезіміздегі жарықтың уақытпен берілгені, пешке от жаққанымыз, шамның әйнегі сүртіп, білтесін дайындағанымыз, тезек тергеніміз еске түседі. Бұл – біздің ұрпақтың көргені. Оған дейінгі үлкендерден естігенде мүлде қызық. Олардың айтуынша, тоқырау тұтас ауылды шайқалтқан.

Ауылдан калаға үдере көшу, жарықтың болмауы, күнделікті қолданып жатқан заттардың қаттығы, бағаның шарықтауы халыққа үлкен соққы болған. Тіпті еңбекке малмен өтеліп, адамдар өз үлесін техника, жылжымалы мүлік арқылы алып отырған. Мал-мүлік талан-таражға түсіп, ауылдықтар егесіз қалғандай күй кешті. Мұның барлығы біз үшін ертегі секілді. Ауылдардың бірнеше шаруашылыққа бөлінуі тұрғындарды қажытты. Өндірісі бар, халықты жұмыспен қамтып отырған

1979 жылы машина сынау станциясы, «Талдыарал», «Лесхоз», «Қалғандария» елді мекендері қосылып «Октябрь» ауылдық советі құрылды. Орталығы машина сынау станциясы болды. 1997 жылға дейін ауыл Сырдария ауданының құрамына кірді. 1997 жылы Қызылорда қаласы «Ақжарма» ауылдық округі болып қайта өзгертілді. Округтің құрамына Баймұрат батыр және «Талдыарал» елді мекені кірді.

Ең алғаш әкім болып Мұқашбек Ай-

Халықтың татулығы, жағдайының жақсы болуы – атқарылып жатқан жұмыстың нәтижесі, – дейді ардагер.

Жол, жарық және тазалық

Мұндағы толымды істердің бірі – көшелердің жөнделіп, жарықтандыру жұмыстарының қолға алынуы. Мәселен, биыл 19 көшеге қиыршық тас төселуде. Оған 367,9 млн теңге қаржы бөлінген. Ал «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде «Талдыарал» елді мекенінің 1 көшесі жарықтандырылды. Сондай-ақ «Шіркейлі» каналының Баймұрат батыр ауылына аяқу келетін үлкен сағасына жаңадан құбыр салынды. Одан бөлек, газдандыру бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бүгінде 1 млрд 366 млн теңгені құрайтын жоба басталып кеткен, 2025 жылы көктемде аяқталуы тиіс. Бірақ «СМП Қызылорда» ЖШС жұмысты жыл аяғына дейін аяқтауға уәде етуде. Демек жаңа жыл қарсаңында баймұраттықтар «көгілдір отынның» игілігін көрмек.

– Қазіргі уақытта 2 көшеге жаңадан асфальт төсеу және 1 көшенің жолын қайта жаңғырту үшін «ТМ Проект Строй» ЖШС-мен бірлесіп жобаның сметалық құжаты дайындалуда. Сонымен қатар ұзындығы 3,15 шақырым болатын 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолы мен 1 көшеге жарық бағаналарын орнату, аяқсу жүйесіне науа тарту үшін құжат дайындалып, республикалық бюджетке ұсынылды. «Талдыарал» да назардан тыс қалмайды. Ол жақтағы халық жаңадан қоныстанған аумаққа су тарту насос станциясы құрылысын бастау жоспарда бар. Құжаттары да сараптамадан оң қорытынды алып, бюджетке ұсынылды. Мұнан басқа, қос ауылдағы балалар ойын алаңдары жөндеді, – дейді Саттар Әбдіреев.

Айта кету керек, өткен жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 2,85 шақырым болатын Тоғай, Тоғай-2, Қырман көшелері, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде М.Мәметова, А.Құнанбаев көшелері жарықтандырылды. Баймұрат батыр ауылына 3 аялдама, «Талдыарал» елді мекеніне 2 аялдама, жол белгілері орнатылды. Балалардың қауіпсіздігі үшін спорттық ойын алаңдарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалып, жаңадан көгал (газон) төселді. Бұл ауылдың кішкентай балғындарына үлкен қуаныш сыйлады.

Баймұраттықтар тазалыққа да ерекше мән берген. Ауылдың жасыл желекке орануы – тұрақты жұмыстың атқарылып жатқанының көрінісі. Абаттандыру жұмысына тұрғындар да белсене араласады. Бұл халықтың қолдандыруға бейжай қарамайтынын білдіреді, бір жағынан кейінгі ұрпаққа көрсеткен тәрбиесі болса керек. Ауыл ішінде жайқалған бақ бар. Бір кездері қараусыз қалған. Кейінгі бір жылдың көлемінде айналасы қоршалып, 500-дей Сыр талы мен терек егіліп, қайта түлеген. Бүгінде дендропаркке айналған.

– Қазақта «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөз бар. Расымен де саялы ағаш егіп, атадан балаға мирас ететін бұл дәстүр өз өміршеңдігін жоғалтпаса еді. Жыл сайын жаңадан ағаш отырғызу көктем мезгілінде басталып, қара күзге дейін жалғасады. Келер жылы да жоспарда бар. Бағбандыққа жақын болған соң парктің қалпына келгеніне қуандым. Тал егу ауылдың сәнін келтіріп, тұрғындарға таза ауа мен жақсы көңіл-күй сыйлап қана қоймайды, бұл – сауапты іс, – дейді ауыл әкімі.

Қолдау барда нәтиже айқын

«Ақжарма» ауылдық округіндегі ілкімді істердің қатары мұнымен то-

ластамайды. Биылғы жылдың басты жаңалығы – жаңа дәрігерлік амбулаторияның халық игілігіне берілуі. Бұған дейін жеке кәсіпкер Қайрат Орынбарұлының қолдауымен 150 орындық Мәдениет үйі салынып, пайдалануға берілген еді. Сондай-ақ «Талдыаралда» тренажерлік жаттығу спорт алаңының жұмысы толық аяқталды. Алдағы уақытта демеушілердің дем беруімен тағы бір жоба жүзеге асатын болады. Ол – жабық спорт кешенін салу. Қазіргі уақытта жоба-сметалық құжаты дайындалуда. Айта кететін жайт, ауылдағы мешіт те кәсіпкер Марат Бақбергеновтің демеушілігімен салынған.

Баймұраттықтар мемлекеттік бағдарламалардың да игілігін көреді. Мәселен, өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасымен бір кәсіпкердің жобасы қолдау тапса, «Аграрлық несие корпорациясының» жастарды қолдау бағдарламасы аясында да жас кәсіпкер ісін бастауға мүмкіндік алды. Оған қоса «Өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы мал шаруашылығын дамытуды көздеген кәсіпкер Самат Дүйсенбай 3,5 млн теңге көлемінде қаржыға ие болды. Ал «Еңбек» бағдарламасы бойынша грантка 8 адам өтініш беріп, оның 2-уі қолдау тапқан.

– Биыл да бұл жұмыстар жалғасуда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 4, қайтарымсыз грантка 2 жобаның құжаттары ұсынылуда. Егер оң шешім тапса, мал шаруашылығы, өндірістік бағыттағы жобалар жүзеге асатын болады, – дейді Саттар Бейбітұлы.

Ауылды аралағанда наубайхана ісін жандандырып, кәсіпін дөңгелетіп отырған кәсіпкердің үйіне жол түсті. Онда берекелі істен несібесін айырған жанның жұмысымен кеңінен таныстық. – Нанның бірнеше түрін, тәтті тоқаштар жасап сатамын. Мемлекет тарапынан берілетін 1 млн 225 мың теңге қайтарымсыз грантка ие болдым. Осы ретте ерекше тоқталып айтқым келеді, кәсіп бастаймын деген жандарға көптеген көмек қарастырылған. Бұл жастарды жұмыспен қамтуға, бизнес қаржылық сауатын жетілдіруге, ел экономикасын дамытуға жол ашуда, – дейді Инабат Құсейінова.

Расымен кәсіп бастаймын деген азаматтарға қолдау көп. Тек іс бастауға ілкімді жоба ұсынсаң болғаны.

Білім мен мәдениет

Еліміздің бәсекеге қабілеттілігі халықтың білім мен мәдениет деңгейіне тікелей байланысты. Білім бар жерде жарқын болашақ бар. Осы ұстанымдағы ауыл халқы жастардың тәрбиесімен қатар біліміне, мәдениетіне ерекше ден қойған.

«Ақжарма» ауылдық округінде екі мектеп бар. Екеуінде 466 оқушы білім алады. Биыл 18 бала бітіріп, оның 16-сы грант жеңіп алса, 3 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған. Білім грантын иеленуде №218 білім ордасы қала мектептері арасында екінші орынға шығып отыр. Бұл – ұядай ғана ауыл үшін үлкен жетістік. Мұны ауыл халқы білікті ұстаздар мен мектеп ұжымының ынтымағының арқасы деп түсінеді.

Округте мәдениет үйі, 35941 дана кітап қоры бар №9 және №10 кітапханалар жұмыс жасауда. Бүгінде кітапхананың 1355 тұрақты оқырманы қалыптасқан. Ал «Ақжарма» мәдениет үйінде 5 үйірме, 15 қызметкер халыққа қызмет жасауда. Үйірмелер қатарында «Сыр орда» вокалды аспапты ансамблі, «Сәулем-ай» әжелер ансамблі, ән-эуен, көркем сөз оқу, «Мерей» би үйірмелері бар. Үйірме мүшелері түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, алдыңғы орындардан көрінеді.

– Мәдениет үйінде жыл басынан бері ауқымды іс-шаралар өткізіліп келеді. Мәселен, ауыл имамы мен жастардың дөңгелек үстел кездесуі, «Қыз сыны» байқауы, қалалық ардагерлер үйіміның семинары, концерттік бағдарламалар мен байқаулар өтті. Жасөспірімдер мен бұлдіріндердің уақытын тиімді өткізу үшін үнемі қызықты фильмдер мен мультфильмдер көрсетілімі ұйымдастырылады. Бұқаралық спорт түрінен грек-рим күресі жақсы дамуда. Жастардың жетістігі көп. Халықаралық деңгейге шығып, жүлдемен оралуда. Осындай жұмыстардың нәтижесі болар, ауыл балалары да бір-бірімен тату, – дейді ауыл әкімі.

Міне, біз көрген қос елді мекеннің тыныс-тіршілігі осындай. Ауыл халқының көңіл мен пейілі даладай кең. Қызу тірлік, жайқалған жасыл желек, балалардың алаңсыз ойыны, халықтың кішіпейілділігі ауызбірліктің бекем екендігін көрсетті.

Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

/// БАЙҚАУ



ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҮЛҒА

атты жазушы-журналистер арасында шығармашылық байқау өтеді

Ережесі

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдық мерейтойына орай «ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҮЛҒА» атты жазушы-журналистер арасында шығармашылық байқау өтеді.

Байқау қаламгерлердің шабытын шыңдау мақсатында Арал аудандық әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылады.

1. Байқаудың мақсаты:

– Ұлт тарихын түгендеп, елдік және ерлік дәстүрді қаламына арқау еткен жазушының ғибратты ғұмырын, шығармашылығын насихаттау;
– Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің безада болмысын, өнегелі өмір жолы мен даналығын жастарға үлгі ету;

– Әлем таныған Әбе туралы естеліктер мен ойлы оқиғаларды, мазмұнды материалдарды жинақтау;
– Жазушы-журналистер арасындағы шығармашылық байланысты арттыру.

2. Байқаудың шарттары:

– Байқауға еліміздегі барлық БАҚ журналистері мен жазушылар қатыса алады;

– Әртүрлі жанрдағы шығарма ұсынуға болады. Материал байқау каламгер өзі тандайды;

– Байқауға қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды;

– Қаламгер бір шығарма ғана ұсына алады;

– Материалдың көлемі 7-10 бет. Шығарма 10 беттен асып кетпеуі тиіс;

– Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында 14 кетілмен, 1,5 интервалмен, Times New Roman қарпімен ғана қабылданады;

– Байқауға бұған дейін ешбір газетте, журналда, кітапта, электронды ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланбаған, басқа байқауларға жіберілмеген жаңа шығарма ұсынылады;

– Қатысушы өзінің толық аты-жөнін, мекенжайын, қысқаша өмірбаянын, телефон нөмірін, сапалы суреті мен шығармасын tolkun_gazeta@mail.ru электронды поштасына немесе 8-705 824 74 32 WhatsApp нөміріне #Байқауға хэштегімен жазып жібереді.

3. Байқаудың мерзімі:

– Шығармаларды қабылдау 2024 жылы 15 қазан күні тоқтатылады;

– Қабылданған шығармалардың ішінен іріктеліп шыққан жеңімпаздар Арал қаласына қорытынды кешке шақырылады. (Өтетін орны мен уақыты қосымша хабарланады);

– Іріктелген шығармалар ішіндегі ең үздіктері тәуелсіз қазылар шешімімен анықталады;

– Үздік деп танылған шығармалар БАҚ-та жарияланады.

4. Байқаудың қазылар алқасы:

– Қазылар алқасы қазақ прозасында өзіндік орны бар қаламгерлерден құралады;

– Олар байқауға түскен шығармаларды саралап, ең үздіктерін анықтайды;

– Анықталған шығармалардың жеңген орнын көрсетіп, ұйымдастырушыларға ұсынады;

– Ұйымдастырушылар бәйге жүлделерін үйлестіреді.

5. Байқау бәйгесі:

– Бас жүлде – 300 мың теңге;
– Бірінші орын – 200 мың теңге;
– Екінші орын – 150 мың теңге;
– Үшінші орын – 100 мың теңге;
– Ынталандыру – 10 адамға 20 мың теңгеден беріледі.

Байқауға түскен шығармалардың сапасына қарай қазылар алқасының ұсынысымен және ұйымдастырушылардың мақұлдауымен бәйгелер саны өзгеруі мүмкін.

6. Байқау жеңімпаздарын марапаттау Арал қаласында өтеді.



үлкен елді мекендердің өзі тұралады. Десе де, алдағы күннен үміт үзбей, жарқын болашаққа сеніммен қарағандар малын бағып, егін егіп елде тұрақтап, ауылдың бірлігі мен берекесін сақтап қалды. Сондай ауылдың бірі – Қызылорда қаласына қарасты «Ақжарма» ауылдық округі. Кеңестік кезеңде бұл ауыл «МИС» деген атаумен дүрілдеп тұрды.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1950-1960 жылдары Қызылорда облысы Ресей, Украина, Өзбекстан республикаларымен бірге Кеңес Одағындағы күрші егілетін негізгі аймақтардың біріне айнала бастады. Осыған байланысты күрші өндірісіне арналған жаңа техника мен технологияларды енгізу және оны насихаттау қажеттілігі туындады. Осы мақсатта Қазақ ССР Үкіметі мен ККП Қызылорда облыстық комитетінің ұсыныстары негізінде 1958 жылы Қызылорда мемлекеттік аймақтық машина сынау станциясы мен оның тәжірибе шаруашылығын құру туралы КСРО Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы шықты.

Әуелде Қызылорда қаласындағы жөндеу шеберханасының (РТС) базасында болған. МИС пен оның тәжірибе шаруашылығына қажетті жер телімдері бөлінген соң Сырдария ауданының аумағына көшірілді. Машина сынау станциясының негізгі қызметі – ауыл шаруашылығы техникасын сынақтан өткізу, тәжірибе шаруашылығында сол техниканы пайдалана отырып өндіріске жаңа технологиялар мен машиналарды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру. Сондай-ақ оларды өз аймағында насихаттау, семинарлар мен курстарды, жаңа техника көшірмелерін өткізу.

Мұндай ауқымды жұмыстың барлығы осы ауылда жүзеге асты. Станция құрылған кезден бастап аймақтағы күрші өндірісіне, суармалы егістікке, мал шаруашылығына арналған жаңа техника мен кешендерді, технологияларды сынайтын, оны насихаттап өндіріске енгізетін республика бойынша бірден-бір кәсіпорын болды. Онда жүзден астам инженер-техник, өндіріс мамандары жұмыс істеді.

МИС-те сынақ қана емес, әртүрлі курстар болды. Аймағымызға қажетті комбайнерлер осында оқытылып дайындалды. Жаңа техника мен технологияларды пайдаланып, инженер-техник кадрларды, механизаторларды қайта дайындайтын тұрақты курстар жоспарлы түрде өткізілген. Сондай-ақ мұнда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысқан. Осы базаны пайдалана отырып көптеген ғылыми диссертациялар қорғалған. Станцияны ұзақ жылдар бойы басқарған Жетібай Өндіріс алғашқылардың бірі болып техника ғылымдарының кандидаты атанды. Жалпы МИС аймақтағы өз өндірістік жоспары бар, дамыған, іргелі, алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі болды.

ходжаев тағайындалған. Мұнан кейін Бакберген Қонысов, Бақыт Өндірісбаев, Ибраһим Исмаилов, Сәбит Серікбаев, Ақылбек Арыстанов, Еркін Ақшалов, Асқар Әділбеков, Жұмабек Алиев басқарса, қазір ел тізгіні Саттар Әбдіреевтің қолында.

Тоқырау жылдары тұралап, дамуы тезелген ауылдың қазір тамырына қан жүгірген.

Ынтымағы жарасқан

Бүгінде Баймұрат батыр ауылы – бірлігі мен ынтымағы жарасқан құтты мекен. Ауылға кіргеннен ауқымды жұмыстардың жасалып жатқанын байқадық. Бізді ауылдық округ әкімі Саттар Әбдіреев қарсы алып, елдің тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Округ халқының саны – 2386 адам. Жұмыссыздар саны 37 болса, 520 адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Ауыл әкімінің айтуынша, мұнда оң шешім тапқан мәселелер жетерлік.

– Елдің әлеуметтік ахуалы бірінші орында. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамдық борышын – халқына еңбек қыл. Ақ жолдан айнымай ар сақта, оны біл» деген сөзі бар. Халықпен етене араласып, ауылды түлету жолында қызмет жасап жатырмыз. Сол бірліктің арқасында түйткілдер кезең-кезеңімен шешімін табуда, – дейді ауыл әкімі.

Бізді ауыл халқының еңбекқорлығы қуандырды. Ауылды аралау барысында қатарымызға қосылған қоғамдық кеңес төрағасы Есентай Ізтілеуов ағамыз да елдің жайы туралы ойымызды құптай кетті.

– Мұнда келгеніме 30 жылдай уақыт болды. Ауыл әкімдігінде маман, одан кейін инженер кызметінде жұмыс жасап, зейнетке шықтым. Жағдайымыз жаман емес, жылдан жылға жақсарып келеді. Елдің іші тыныш, ұрлық-қарлық жоқ. Жастарымыз бос жүрмейді. Бірі ауылда, енді бірі қалаға қатынап жұмыс жасайды. Бәрінің өз тірлігі бар.



АРАЛДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ

...Уһ, ақыры Қайдардың табаны жан-жағын қопалар қоршаған, ну жыныс қамыс өскен қара жерге тиді-ау. Қара саннан келетін, шекеннен бір-ақ шығатын мұздай суды шіміркіпей кешіп, найзадай нар қамыстарды қақ жарып құмдауыт аралшыққа тұра ұмтылды...

...Қайдар ығып келген кішкентай арал «Орыс қамыс» аталатын. Бұл маңда жаңа бір әзірде айтқанымыздай бір-бірінен мойны алыс, кейбірі жүзіп баратындай жердегі елсіз-сусыз аралшықтар аз емес еді. Көнекөз құйма құлақ қариялар ерте заманда теңіз тасып кеткен кездері бұл аралдар су астында қалған деседі. Тіпті анау Сыр өзенінің осы теңізге құятын тұсынан Көкқаралға дейін қара жер болған, түйелі керуендер арғы бетке құрдай шұбырып жатыпты дейді екен.

Ал Қайдар шыққан арал құмдауыты, сораң, баялыш, сексеуіл аралас өскен, еңсіз, есесіне ұзынша арал болатын. Әбден әлсіреп әл-дәрмені құрыған, ол аяғы жеткен жерге дейін еңбектеп барып сұлай кетті. Сол етпетінен жатқан күйі қос құлашын жайып жіберіп сұп-суық құмшық үстінде бірғауым жатты. Ояу күйінде бұл сонда өңім бе, әлде түсім бе деп біресе астындағы жерді, үстіндегі шайдай ашық аспанды бір күдікпен, бір үмітпен шолып жатыр.

Тірі адам тіршілігін жасайды. Сосын түрегеп қамысқа тірелген сен үстіндегі ау-құралын, ағаш пананы бөлшектеп дөңестеу биік жерге тасып алды. Ақ тер, көк тер боп, әлгі заттарды қара жерге әзер сүйрепел жеткізді. Әл-дәрмені құрып қалыпты. Соған ат жабуды астына екі бүктеп төсеп бірғауым мызғып алды.

Аралдың айналасы айдынды су. Ызғып тұр. Ояңса тұла бойы әжептәуір жеңілдеп қалыпты. Ендігі жұмысы күн тас төбеді тұрғанда әлгі дөңестеу жерден жерқазба қазып алып, сонда паналамақ. Өйткені алда әлі көктемгі ызғырық жел-құзы бет қаратпайтын «бесқонак» бар. Сондықтан аш қарыны шұрылдап тұрғанына қарамастан қайратына мінген Қайдар дереу іске кірісіп кетті...

Әуелі мұз үстінен үкі оятын ұшы үшкір сүйіменнен жерді ұрғылап еді. Сүйіменнің ұшы үстіңгі жер қабатына төбен инедей көктей өтті. Тон жоқ. Жас баланың еңбегіндей былқылдап жатыр. Соған аяғының астындағы жерді кісі бойы тереңдетіп, ұзындығын бес-алты, енін төрт қадам етіп қазды. Сосын оның ішін төрт бұрышты қылып кеңейтті. Бір жақсысы жердің астында сыз жоқ. Құп-құрақ. Ендеше не тұрыс.

Қолындағы күрекпен жағалаудағы бармақтың жуандығындай қамыстарды түбінен қиып, қазған жеріне тасыды. Шананың ұзын қос сүйретпесін сүйімен ортасынан сындырып, жерқазбаның төбесіне салды. Жан-жағына шананың ағаштарын бұзып, төбедегі сүйретпенің арасына аудын шығым жібімен байлады. Үйіліп жатқан қамысты әуелі баулап, қалың етіп жерқазбаның төбесін біртегіс жауып шықты. Үстің шалаңмен, құммен бастырып, теңіз жатқан еңбектеп кіріп, еңбектеп шығатын есік, төбесінен терезе орнына тесік шығарды.

Шананың ішіндегі екі-үш тартым ауы осы кезде есіне түскен Қайдар оны тараштап жазып, тәртіпке келтірді. Сырты күйелеш темір шелекті құммен ысқылап жуып, жерқазбаның алдындағы жуан сексеуілдің бұтағына салыратып іліп қойды. Кеудешесінің ішкі қалтасында үлкен қорап толы шырпысы бар еді. Соны сыртынан сипап-сипап қойды.

Көңлі жайланғаннан кейін шананың табанында жатқан екі-үш тыранның қабыршағын пышағымен аршып, тазалап, шелектің ішіндегі суға батырды. Бары осы. Басында оншақты болатын. Оны ағасы екеуі тісімен шикілей құлмалап баяғыда түтескен.

ТОЗАҚ АРАЛЫ

(РОМАННАН ҮЗІНДІ)



Алпақ дерексөз негізінде дайындалған Г.Өрешова

Әбден әлі құрып қапты. Сонда да белін бүкпей сексеуілдің қу бұтақтарын шыр-шырт сындырып, шелектің астына от тамызды. Сақал-мұрты қауғадай боп өскен, арып-ашыған бет-жүзін оттың ыстық лебі шарпыды. Рахат. Тұла-бойы жас баладай балбырап жүдә жеңілдеп қалды. Соның әсерімен орта шелек суға әлгі тырандарды тоғытып жіберді.

...Аздан кейін қайнап жатқан тоң балықтың иісі аузының суын шұбыртып, аш қарының шұрылдағанда буы бұрқыраған шелекке қарай еріксіз енетеледі. Адам баласының ауруға шыдаса да аштыққа төзуі қиын екен.

Қолындағы ернегі мүжілген ағаш қасығымен шелекке кілкіп тұрған көбікті олай-бұлай ысырып ыстық сорпаға танауын төсеп кішкентай тұрды. Сосын қасығымен балық сорпасының дәмін көрген. Ащы да емес, тұщы да емес. Үрлеп ішіп еді. Аш қарыны одан әрмен қылқылдап, араны одан әрмен ашыла түсті.

Буы бұрқырап піскен балықты қамыстың үстіне түсіріп, әп-сәтте ашқарақтана соғып алды. Оның үстіне есіне балықшы қауымның арасында айтылатын аңызға бергісіз әңгімелердің түсе кетпесі бар емес пе.

Ертеректе Арқадағы бай ауылға ұзатылған балықшы ауылдың қызы қой етінен әбден жерісе керек. Сонда «Қара қойдың құйқасынан балығым артық еді-ау» деген екен. Сол сияқты балықта еламан деген тікені бөледі. Соған байлаңысты айтылған сөз де әлі күнге Қайдардың есінде.

Бірде балық жеп отырған жігіттің өңешіне әлгі балық тікені қадалып тұрып қалыпты. Су ішкізеді, қатқан нан жегізеді, о жақ, бұ жақтан емші-тәуіптер келіп, ем-дом қолданады. Болмайды. Сонда өңешіне еламан тікенегі кеткен жігіттің жанындағы жолдастары «Еламан тікенегі кетіпті, еліне сәлем айта бер» деген көрінеді. Ақыры әлгі жігітке ем қонбай, ажалы балықтан, еламан тікенегінен келіпті деседі.

Балықшылардың кейбірі піскен балықтың қол басындай бөлегін аузына атып жіберіп, алдындағы ауларын тараштап жазып отыра береді. Екі қолы бос емес. Сол кезде әлгі балықтың сүйегі, тікенегі езуінен өз-өзінен түсіп жатады. Құдды қонбайн сияқты.

...Асқазанына біраз ел қондырған

Қайдар артында ағаш қасықпен жүде-мелете сорпа ішіп біраз тұнайып қалды. Соның күшімен дереу тараштап жазған бес-алты тартым ауын қалың қамыстың арасындағы ашық суға құрып тастады.

...Көктем күні көкжиекке қызылқұлақтана батып бара жатқанда тағы да бес-алты бау қамыс қиып әкеп жер қазбаның еденіне төседі. Үстіне атжазуды төсеп тастады. Соған соң керіліп-созылып барып соның үстіне кескен теректей сұлай кетті...

...Ертеректе әзер ояңған Қайдардың бойы дел-сал. Біреу төмпештеп тастағандай көзін жерқазбаның төбесіне қадап біраз жатты. Жатқан адамға ой үйір. Тап қазір өзінің қайда келгенін ойлап жатыр. Ой түбі тұңғыш, терең мұхит сияқты. Ағысы алдына салып айдап кетуден тайынбайды. Тағы да біраз жатып амалсыздан түрегелді. Сонымен мұның белгісіз аралдағы екінші күні басталды. Тірі адамға тіршілік керек. Әуелі сексеуіл бұтағында ілулі тұрған шелекті жуып-шайып, түбіндегі теңіздің кермек суын қайнатып ыстық суын ішті. Маңдайы жіңісіп, құрыстырысы жазылды.

Сөйтіп тұрғанда көзі еріксіз қамыс пен қопалардың жиегіне ығып кеп бірінші үстіне бірі мініп құр боп қатқан мұз бөлшектеріне түсті. Астын су, үстің күн жеген сендер энәкүңгідей емес, көлемі біраз кішірейіп қалыпты. Аппақ. Алыстан қараған адамға аңыздағы ақ сарайлар сияқты. Бұл болса алыстағы белгісіз аралда аңыздағы адамдай өмір сүріп жатқан жоқ па. Ендеше сол сендерді ерімей тұрғанда ерінбей-жалықпай қалсаң асыра қанекей.

Балықшы ауыл адамдарының жазғытұрғы «өліара» кезде сенді бөлшектеп үйдегі бөшкеге тасып ауызсуға пайдалану бұлжымас дағдысы болатын. Жарықтық, сол бөшкедегі мұз өлден еріп біткенде еріндері тұщы суға тиген ауыл адамдары қашан қар кетіп, еспеннің суына енгелей жамырсақанша ауызсудан тарықпаушы еді.

Қайдар да сонан бастап жерқазбаның жанынан терең шұңқыр қазып, астына қамыс төсеп мұз секектерімен толтырды. Үстің қамыспен жауып тастады. Бөгендей жаздай балық, ет өнімдерін сақтағын Құспанның мұзқаласы тәрізді. Қажет кезінде сонан бір-екі кесегін алып шелекке салып қояды. Күні бойы күн астында тұрған мұз

ерігенде бұл қарық-казина боп қалады. Ішсең мұздай су тас төбеннен бір-ақ шығады. Есесіне шілдедегі кенесі кепкен таңдайынды жібітіп, шөлінді басады. Тұп-тұщы. Құдды зәмзәмнің суы сияқты.

Бір күні аралдың ортасындағы биік дөңеске шығып, жан-жағына жіті көз тастаған. Қараса бұл шыққан аралдан басқа да көз ұшында бұлдырап тағы бір жұмбақ аралдар көрінді. Жазғытұрғы сағыммен белгісіз бағытқа жол шеккен қазақтың керуен-көшіне ұқсайды.

Ол аралдар шын мәнінде бұл тұрған аралға жақын жердегі Қызылбай, Көзжетпес, Манақол, Қарарал болатын. Одан әрідегі Қасқақұлан, Қосарал аралдары әлдеқайда алыс еді. Сондықтан өзі шыққан әлгі аралдан көзіне әрі жылышырай, әрі жұмбақтау көрінген жоғарыдағы төрт арал бейне бір бұған үлкен жер сияқты көрінген. Бірақ о жақтан тіршілік белгісі білінбейтін. Сонда да дәтке қуат, көрер көзге үміт ұялатады. Бейне алыста саяқ жүргенде көп адамның ішінде қандас туысын не ауылдасын, не танысын аналайдан көзге шалынғандай кеуде сарайын көңге сала береді екен. Тап сол сәтте бұл да сондай күйі кешіп тұрған еді.

Осы кезде тұмсық батпас қалың қамыстың ішіндегі алақандай айдын суға құрған аулары жатқан салдыр-гүлдір дыбыс естілді. Құлағын түрген Қайдар дереу суды шалпылдата белуардан кешіп барып ау құлағына жармасты. Торға түсіп тыпырлаған су маржандарының күшінен ау қалтқылары безгек тиген адамдай дір-дір етеді.

Басқа балықтардай емес, сазан балық өлермен. Ауға түссе өстіп әлек салады. Тентек. Есесіне қабыршағы сары алтындай көздің жауын алады. Бірақ судан шығарып ау торынан жазып алғанда біраз шоршып барып әрең басылатынын қайтерсін. Қайдар әлгі сазанмен қоса ау торына қанаттарынан іліккен бір-екі тыранды ау торынан әрең жазып, қамыс арасында бір құлағы байлауды тұрған торға емін-еркін жіберді. Бұл – әлдеқандай күнге сарымайдай сақтаған тірі азығы.

Ауларын балықтан жазып, жаңғыртып қамыс жағалай қайта құрып бола бергенде «Қайдасың» дегендей кеме гудогы алыстан құлағына шалынды. Апыр-ай, сол ма, сол емес пе дегендей бұл құлағын қайта тосты. Сол. Анық сол кеме гудогы. Бұл қайдан шықты екен? Аспаннан түсті ме, әлде су астынан шықты ма? Жасаған ием жар бола гөр. Жалғыздың жебеушісі бір Алла.

Бұл кезде әлгі таныс гудок дауысы тағы бір-жар рет жер астынан шыққандай құлағының түбінен естілген. Қолхоздағы «Мойва» атты елу аттық күші бар жапондық ағаш қавасок кемеңің өстіп апанда-саңда шалық шалғандай өкіріп-бақырып алатыны бар еді. Аумайды мынау дауыс содан.

Көптен көрмеген, біраздан келмеген туысы келе жатқандай жүрегі дүрсілеп аралдың бір шетіндегі биік дөңге қарай өкпесі өшкенше тұра жүгірді. Аралдың ортасындағы көлшікті жағалай дөң басына сол жүгірген бойда жеткенше жан тері шықты-ау. Соған қарамастан ол дөң үстінде тұрып тұсынан сонау алыс жерде өтіп бара жатқан кемеге қос қолын бұлғады. Жан дауысымен айғай салды.

– Ей, мен мұндамын, мұн-да-мын! Ала кетіңдер, ала кет-ін-дер! Алла тілектеріңді берсін!

Жаңа бір әзірде көкжиектен көрінген кеме біраздан соң ажал толқынды күс тұмсығымен қақ жарып бірте-бірте алыстап бара жатты. Тіпті мұның жан дауысын шыбын шаққан құрлы көрмегендей. Бальендорынан бұрқ-бұрқ еткен бозғылт түтін аспанда қалықтаған әлгі кеме шетсіз-шексіз теңізге сіңіп, аздан соң көзден жоғалып кетті.

Қайдар болса дөң басында көпке дейін селсөк тұрып қалды. Жүрегі белгісіз біреу жұлып әкеткендей не өлі, не тірі күйде емес. Салы суға кет-

кендей, көмейінде бір өксік бар. Қара орманынан айырылып қалғандай көкірегін өкініш тырнайды.

Бұл қалай болды сонда. Кемелің палубасын, онда жүрген адамдарды, камбуз, рубкасын да мына көзімен көріп еді ғой. Ендеше дөң үстінде қол бұлғаған мұны көрмейтіндей кемедегілердің көздері соқыр болғаны ма?

Сонан соң бойын билеген запыран ашу мен өксікті өкініштің екпінімен кісі бойына жетеғабайл жынғылдың түбін бір тепті, сол дәрменсіз күйде құмшыққа құйрығын нығарлай басып отыра кетті. Қарап отырған жоқ. Жан-жағына жіті көз тастап отыр.

Бір кезде сонау жағада төңкерулі қирап жатқан ағаш қайыққа көзі түсті. Қайдарды бұл аралға тағдыр дауылы айдап әкелгені екі айдай уақыт болыпты. Сонан бері мұның көзіне шалынбағаны қалай?

Бұл не болды екен? Әлде өзінен бұрын да бұл аралға адам аяғы тиген бе? Балкім, аралдың бір шетінде адам баласы бар шығар. Кім екен ол. Адам ба, сайтан ба?

Жүрегіне әлдебір үміт, әлдебір күдік ұялаған белгісіз арал иесі әуелі жағадағы қираған қайыққа қарай бір заматта құстай ұшты. Жолда келе жатып ойы сан-саққа жүгірді. Жалғыз адамға ой серік. Жүрең жол қысқарады, ұйықтасан уақыт қысқарады. Бірақ ой түбіне жете алмайсың. Бейне ескексіз қайық сияқты. Қара жерге шыға алмай шырғалаңға батып кетесің.

Әне-міне дегенше әлгі қайықтың жанына жетіп келді. Бұл аралға аяқ басқалы қалай көрмей жүрген. Қәдімгі ағаш қайық. Әр жерде құм шетін шалашарпы көмген қос ескегі шашылып жатыр. Одан әріректе жатқан ішіне су өтпейтін резенке қапшықты көзі шалғанда әуестігі тіпті арта түсті. Сол әуестігі еселеп арта түскен ол қапшыққа қол тигізбей тұрып жан-жағына сақтана көз жүгіртті. Басы әңкі-тәңкі. Ойы он сакка жүгіреді. Бір жағынан балықшыларда мұндай резенке қапшық жоқ. Бұл аймаққа ондай заттың таңсық кезі. Қарапайым балықшылар түгілі, мүйізі қарағайдай атқамінерлердің қолына түспейтін зәру дүние. Әлгіндей қапшықтардың бұл маңайда пайда болуына, оны тұтынуға әлі бақандай талай жылдар керек еді.

Жан-жағына сақтана қараған Қайдар резенке қапшықтың аузын байлаған Арал өңіріне таңсық жіпті таңдана тұрып шешті. Қолы дірілдеп қапшықтың ішіне саусақтарын сұғына сүңгітті. Бойын әзер билеп алғінің түбін біраз қоспытты. Бір кезде ішінен әлдебір жат тілде жазылған қойын дәптер, Арал теңізінің жағрафиялық картасы, компос және дүрбі шықты. Бәрінен бұрын қолына қапшықтың түбінен шырып, қолшам мен аса таңсық қаңт пен қатқан нан және кофе, тұз салынған құты іліккенде қатты қуанып кетті.

Төңкерулі қайық болса әбден қираған. Көп жылдардан бері затқаны, тозығы жетіп, жан-жағын шеге құм желмен көміп тастағанынан байқалып тұр. Ол тағы да айналасын асықпай әбден шолды. Теңіз суы, тентек толқындар жалаған сол аралдың құмдауыт жағалауы. Сол сәтте бірауық «Сонда бұл қайықтың иесі қайда болғаны» деген сауат Қайдардың көңілінен жерқазбаға желкенше кетпей қойды. Сонан сол күнді біразға дейін жанын жегідей жегені бар емес пе. Бірақ «дауылда суға кеткен шығар» деген дүдөмай ойға шырмалған Қайдар біртіндеп бұл оқиғаны ұмытып та кетті.

...Тағы бір күні азанғы ыстық суын асығыс ішіп, кеше кештен қалған піскен балықтың қол басындай кеспесін жүріп бара жатып апандай аузына атып тұрған Қайдар енді аяғы жеткенше өзі келген аралды аралап шығуға аттанды.

Толыбай АБЫЛАЕВ.

(Жалғасы бар)

КИЕЛІ МЕКЕННІҢ КЕРЕМЕТТЕРІ

Облыс әкімінің қолдауымен және облыстық ардагерлер кеңесінің бастамасымен қарт кісілерді қоғамнан тыс қалдырмау, оларға тұрақты моральдық қолдау көрсетуде игілікті істер жыл сайын жүзеге асып келеді. Осы орайда Қазалы, Жаңақорған аудандары, сондай-ақ Байқоңыр мен облыс орталығынан құралған барлығы 50-ге жуық еңбек ардагері қасиетті орындарға зиярат жасап, аралап қайтты.

Сапарды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев басқарып барды.

Бұл жолғы сапар өте әсерлі болды. Әсіресе, бүкіл түркі жұртының рухани ордасы Түркістан шаһарының жасаған, жасарған көркем келбетінен ардагерлер

керемет әсер алды. Бүгінгі қаланың тамаша ажары мен түрленген сәтін көрген олардың көңілдеріне қанат бітіп, жүректеріне жылы шуақ құйылып, жібектей жұмсақ сезімге бөленгендей. Ахмет Яссауи кесенесіне барып тәу етіп, қасиетті

орынды аралап, тағзым етті.

Ардагерлер қасиетті де киелі Арыстан баб пен Ұқаша ата мазарларында болып, олардың рухтарына арнап дұға етіп, мал шалынып, Құран бағыштады. Осы сапар барысында Сыр ардагерлері Түркістан облысының Отырар аудандық ардагерлер кеңесі мен аудан әкімдігіне зор алғыстарын білдіріп, облыстық ардагерлер кеңесіне ризашылықтарын жеткізді. Мұндай сапарлар алдағы уақытта да өз жапсарын таба бермек.

«СБ» ақпарат

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!!!

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «17» қыркүйек 2024 жылы төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді/АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «17» сентября 2024 года на понижение.

№ р/п п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны/Место нахождения	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Тұрғын үй/ Жилой дом	Қызылорда қ., Тәкей Есетов көшесі 108 үй./ г. Қызылорда, Тәкей Есетов дом 108.	жалпы алаңы – 144 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 80,6 ш.м., жер телімінің жалпы алаңы – 0,069 га / общей площадью – 144 кв.м., жилой площадью – 80,6 кв.м., на земельном участке общей площадью – 0,069 га	16 542 498 тенге/тенге	827 124,90 тенге/тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күнінен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткізгендер бір күн бұрын аяқталады. Сатыпалу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗХХ, ИИК КЗ21856000000274901. Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к. 54. Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 11 сағат 00 минут. Сенімді тұлға – Серік Амандық. Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-19-88, ішкі. 79214. Ұялы: 87088074846

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит». Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КС-ЖВКЗХХ, ИИК КЗ21856000000274901. Место проведения торгов – г. Кызылорда, ул. Байтұрсынова 54. Начало торгов: ЛОТ 1 – 11 часов 00 минут. Доверенное лицо – Серік Амандық. Дополнительную информацию по аукциону можно получить по тел.: 8 (7242) 55-19-88, вн. 79214. Сот.: 87088074846

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«АЛАМАН ҚҰРАҚ» – қолөнерді жаңғыртқан жоба



Астанада өткен V Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарынан тағы бір ақжолтай жаңалық жетті. Қармақшы ауданы Т.Көмекбаев атындағы ауыл тұрғыны Айнұр Жолымбетова еліміздің әр аймағынан келген ісмерлердің басын қосқан «Аламан құрақ» жобасына қатысып, «КИНЭС» Қазақстан рекордтар кітабының сертификатымен марапатталды.

Кілем тәрізлес жайылған 450 көрпенің жалпы көлемі 11200 шаршы метр. Көрпеге «Гауһартас», «Аламан», «Сынық мүйіз» құрақ техникалары және төртқұлақ қошқар мүйіз, өсімдік оюлары қолданылған.

Құрақ құрау – ертеден келе жатқан қолөнер түрі. Оны әжелеріміз бен аналарымыз қыздарына, немерелеріне құрақтай құралсын, өсіп-өнісін деген тілекпен жасаған. Құрақ құрау екі мақсатты көздейді, біріншіден матаның қиындыларын көдеге жарату, екіншіден қыз баланы сәндікке, шыдамдылыққа, ісмерлікке баулу. Құрақта мата бөлшектері симметриялы, түстер үйлесімді орналасуы керек. Бәрі белгілі бір ретпен, тәртіппен құралса, сәнді болып көрінеді.

Қолөнерші жерлесімізді жеңісімен құттықтаймыз!

«СБ» ақпарат

ҚОРЖЫНДА ҚОЛА ЖҮЛДЕ БАР

Астанада 8-13 қыркүйек аралығында күллі әлем көз тіккен V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны мәресіне жетті. Дүбірлі сайысқа әлемнің 89 елінен 2500 спортшы қатысты. Қазақстан құрамасынан 261 спортшы сынға түсті. Оның сапында облысымыздың спортшылары да бар.



Ел намысын қорғаған бәсекеде жерлесіміз Назерке Әбілтайева қырғыздың ұлттық белбеу күресі алыштан қола жүлде иеленді. 55 келі салмақта әйелдер арасында өткен сайыста 12 елді палуаны бақ сынады. Байрақты бәсекеде Назерке Иран, Молдова, Ресей палуандарымен белдесті.

Мен үшін V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны сәтті өтті. Жарысты асыға күттік. Барлық спортшылар жақсы дайындалып келген. Намысты қолдан бермеуге тырыстым. Осы жарыста бақ сынауға мүмкіндік берген еліме, мені дайындаған жаттықтырушыларыма алғысым шек-

сіз. Алдағы уақытта да ел намысын қорғауда биік белестерді бағындыруға бар күшімді сала беремін, – дейді спортшы.

Назерке бұған дейін де жасөспірімдер арасында Әлем біріншілігінің жүлдегері, халықаралық және ел біріншіліктерінің жеңімпазы атанған. Сондай-ақ ол белбеу, казак және дзюдо күресінен ҚР спорт шебері, белбеу күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



ӨНЕГЕСІМЕН ӨРКЕН ЖАЙҒАН ӘУЛЕТ



Жалағаш ауданының тұрғыны, еңбек ардагері Төлеміс атай мен тәңір қосқан жары Сәнімкүл әжейдің шаңырағынан 11 перзент өсіп-өніп, олардан 40-тан астам немере, 60-тан аса шөбере көріп, шөпшек сүйіп, бүгінде саялы бәйтерекке айналған іргелі әулет. Әулет атасы Төлеміс ақсақалдың балалық шағы соғыс жылдарына тура келді. Орта білім алған соң жоғары оқу орнына түсіп, арнайы мамандық алуға талпынды. Алдына қойған арман-мақсаты көп еді. Алайда ата-анасына қарайлап, алысқа ұзай алмады. Ауыл шаруашылығы саласында еңбек етуді ұйғарды. Ес білген шағынан еңбекке араласты. Күн-түн демей, қолынан кетпес-күрегі түспей, колхоз жұмысында жүрді. Түрлі техниканың тізгінін ұстап, майталман механизатор атанды. Топыраққа дән сеуіп, одан тонна-тонна астық жинап, ел ырысын еселеуге бар күш-жігерін жұмсады.

Ол уақытта мектеп аз, жасы шамалас балалар бір класта оқитын. Айтпағымыз, кешегі күні өмірден өткенше бір шаңырақ астында 67 жыл ғұмыр кешкен ардақты жары Сәнімкүлмен мектепте бірге оқыған еді. Тағдыр табыстырып, отбасылық тұрмыстың қызғығы мен қиындығын бірге өткерді. Дүниеге келген перзенттерін қатарынан қалдырмай оқытып, әрқайсысының қалаған мамандығына қол жеткізуіне қолдау көрсетті.

Ауыл шаруашылығы саласындағы ұзақ жылғы еңбегі үшін Төлеміс Бектаев Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атанды. «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалдарымен, Ұлы Отан соғысының 60, 65, 70 жылдық және Қызылорда облысының 70 жылдық мерекелік медалімен марапатталған. Қазыналы қария зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық ортадан қол үзбей, ауылдық ардагерлер кеңесін басқарып, ағайын арасының ынтымағын, береке-бірлігін сақтауға барынша қызмет етті.

Бағыр ана, «Алтын алқа» иегері Сәнімкүл Әшірбекова апамыз да ер-азаматтармен қатар колхоз жұмысын атқарысты. Адал еңбегімен алғысқа кенеліп, абыройға бөленді. Айталық, 1982-1985 жылдары Халық депутаттары ауылдық, аудандық, облыстық кеңесіне депутат болып сайланған, «Ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіп-

1-бет

одағы» бүкілодақтық орталық кеңесінің пленум мүшесі болған. Осы саладағы қажырлы еңбегі үшін «Халықтар достығы» ордені иеленген.

Әке жолын үлгі тұтқан ұл-қыздары өмірден өз жолдарын тауып, мұғалім, дәрігер, құқық қорғаушы, теміржолшы, кәсіпкер ретінде қоғамның сан түрлі саласында қызмет етіп жүр. Олардың алды қазір зейнеткерлік демалыста. Бүгінде Төлеміс ағайынның шаңырағына алғашқы келіннің түскеніне 45 жыл болса, кіші келіннің де келгеніне 30 жылға таяу уақыт болыпты. Қазір қарашанырақта үш келін бар. Дәлірек айтсақ, ақсақалдың кенже ұлы Жарастың өзі екі келін түсірді. Ұрпақтар сабақтастығының бір көрінісі осы болса керек. Айта кетейік, кенже ұлы әке жолымен, егін саласында еңбек етеді. Ал келіншегі ауылдық емханада акушер болып қызмет атқарады.

Әулеттің тірегі Төлеміс атай тоқсан жаста асып, үбірлі-шүбірлі ұрпағының шексіз ықыласы мен құрметіне бөленіп, дүниеден өтті. Бұл күнде Сәнімкүл әжейдің қолында өзінің кенже келіні мен екі немере келіні бар. Бәрі де қарт ананың қас-қабағына қарап, көңіліне қылау түсірмей, қызмет көрсетіп келеді.

Бектаевтар әулетінің қызы, білім саласында ұзақ жыл қызмет атқарған Галия Бектаева апайымыз да – жолдасы Назарбаймен бес бала тәрбиелеп, өсірген, адал пейілімен ата-ененің алғысын алған жан. Жолдасы еңбек адамы, механизатор, ауыл шаруашылығы саласының маманы. Галия Төлемісқызы өзінің өмірлік мақсат-мүддесін табуда, қоғамға, елге қызмет

етуде әрдайым ата-ана өнегесін жанына жақын тұтқанын айтады.

– Ата-анамыз бізді ұлттық құндылықты қадір тұтуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, ел, халыққа адал еңбек етуге тәрбиеледі. Анамыз дала жұмысынан бөлек үйдегі тірлігін де үйлестіріп отыратын. Үйден қонақ арылмайтын. Қай кезде де дастарқаннан бауырсағы, айран-сүті, құрт-майы үзілмейтін. Оған қоса, қойдың жүнін қырып, бояп, жіп иіріп, қолынан ұршығы түспейтін. Ал жазғы каникул кезінде біз, үйдегі әпке-сіңділерімізбен кілем, алаша тоқитыбыз. Отбасындағы он бір бала бір-бірімізге жақын әрі жанашыр болып ержеттік. Мектепте оқыған шағымызда, қызметте жүрген кезімізде барынша әке атына кір келтірмеуге тырыстық. Әсіресе, қыз балалар анамыздың ақылын алып, отбасы, үй шаруасына қатысты ұстанымдарын бойымызға сіңіріп өстік, – дейді ол.

Иә, Бектай әулетінің үлкен-кішісі адал еңбекші қадірін біліп, өз мақсатына сай өмірлік мұрағат айналып алған жандар. Бес немересі кәсіпкер. Олардың барлығы да Сыр өңірінің экономикалық әлеуетін арттыруға, ауыл шаруашылығы саласының дамуына серпінді үлес қосып, өңірдегі маңызды іс-шаралар мен қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысып келеді. Олардың бірқатары өз саласындағы үздік еңбектеріне орай облыстық, республикалық деңгейде марапаттар иеленіп жүр.

Баршаныңға белгілі, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық кезеңінде

Бектаевтар отбасы бас жүлде иеленген болатын. Бұл мерейлі сәтте ауылдастары да айрықша қуанышқа кенелді. Төлеміс карттың шаңырағына тілектес екендіктерін білдірді. Соның айғағы, туып-өскен жері Т.Жүргенов атындағы ауылдың айтулы азаматы, ауыл шаруашылығы саласының белді өкілі, кәсіпкер, «Ер Әлі» және «Құрманбай Ата» шаруашылықтарының құрылтайшысы және төрағасы Әліби Бекжанов қарапайым еңбек адамына деген құрметтің үлгісін танытып, Бектаевтар отбасына шетелдік автокөлік сыйлап, ауылдастарының алғысына бөленді. Аудан әкімі, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ел ағалары да Астанадан абыроймен оралған Бектаевтар отбасының қуанышына ортақтасып, құттықтау лебіздерін білдірді.

Мемлекет басшысы кешеле Жолдауында алдағы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялайтынын айтты. Президент бұл орайда техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалаудың өзекті екенін, қарапайым жұмысшы мамандығын даярлауды әлемдік стандарттарға сай дамыту қажеттігін атап өтті.

Өнегесімен өркен жайған Бектаевтар әулеті де бұл бастаманы қуаттайды. Қазір қоғамда жұмысшы мамандарға сұраныс өте жоғары. Сол себепті мемлекет қолдауымен кәсіби білім берудің көкжиегі кеңейіп түсіп, қарапайым еңбек адамына деген құрметтің қалыптасуы сөзсіз.

Галия ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ТАРИХ – ТАМЫР, ТІЛ – ҒҰМЫР

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай М.Ықанов атындағы колледжде «Тарих – тамыр, тіл – ғұмыр» атты апталықтың ашылу салтанаты өтті. Жиында оқу орнының басшысы Бектұр Қали сөз сөйлеп, апталық барысында ұйымдастырылып отырған танымдық іс-шараның маңыздылығын атап өтті.

– Ана тіліміз ғасырлар бойы ұлт болып ұйысып, өзара түсінуімздің кепілі болып, тарихымызбен, салт-дәстүрімізбен астасып, бірге жасап келеді.

«Тіл жоғалса, ұлт жоғалады» деген ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы. Сондықтан өз ұлтымыздың тілін, дәстүрін сақтай білсек, болашақ ұрпақтың алдындағы парызымыздың орындалғаны. Заман талабына орай

әлемнің бірнеше тілін үйренуге қажеттілік бар екені де рас. Алайда ана тілімізге деген құрметіміз бәріннен биік тұруы тиіс, – деді Б.Қали.

Колледждің тарих пәнінің оқытушысы Дәуренбек Ізбанов «Туған тілдің тамырлы тарихы» тақырыбында кең көлемді баяндама жасады.

Кеш қонағы, облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты



Тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары Жаныгүл Ерекенова мемлекеттік тіл-

ге қатысты көптеген маңызды мәліметтерді, сондай-ақ аймағымыздың ел астанасы болған тұ-

сындағы тарихи деректерді алға тартып, көпшілікті құнды ақпараттардан хабардар етті.

Әлеби-музыкалық іс-шараны колледждің жалпы пәндер бірлестігінің жетекшісі Гүлмира Жакыпова жүргізді. Ол өз кезегінде апталықтың мақсаты білім алушыларға мағлұмат бере отырып, өскелең ұрпақтың ана тіліне деген сүйіспеншілігін, Отанға, халқына деген құрметін қалыптастыру екенін атап өтті.

Ұлт қайраткерлерінің алқалы жанынан көрініс қойып, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ә.Бөкейхан сынды Алаш арыстары мен А.Құнанбайұлындай ұлт зиялысының ана тілі туралы айтқан

жалынды сөздерін жаңғыртқан Т.Шахатов, Д.Омар, С.Мұханов сияқты оқу орнының биылғы түлектері белсенділігін байқатты. Сондай-ақ қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде өлең оқып, әр ұлттың өз тіліне деген құрметін жеткізді. Жас өнерпаз, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің түлегі Ержігіт Сармырза патриоттық өңдер шырып, тыңдаушылардың көңіліне тамаша әсер ұялатты.

Жиынға қатысушылар «Ана тілім – дана тілім» тақырыбында тіл жанашырларының еңбектері қойылған кітап көрмесін тамашалады.

Галия ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboiy_kz/

https://twitter.com/syrboiy

www.instagram.com/syrboiy_kz

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.